



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

өсімдіктер қосымша су реттегіш рөлін де атқарады. Экожүйелердің фондық жағдайы флоралық және фауналық биоәртүрлілік үшін негіз болады.

Дегенмен, қазіргі уақыттағы ауыл шаруашылығы өндірісінің қарқынды жүргізілуіне және техникалық ықпалдың артуына (әсіресе, пайдалы қазбаларды барлау және өндіру) байланысты, және де климаттың айтарлықтай өзгеруімен байланысты шөлдену дәрежесі мен қарқынын анықтай отырып, табиғи экожүйелердің біршама өзгеруі байқалады.

Қолданылған әдебиет

1. Орнықты даму бойынша БҰҰ Конференциясының қорытынды құжаты. «Болашақ үшін көпірлер салу». Рио-де-Жанейро, Бразилия Республикасы, 2012, 25 бет.
2. Азия-Тынық мұхит аймағындағы елдері министрлерінің VI-шы Конференциясының мәліметтері. Астана, Қазақстан Республикасы, қыркүйек 2010.
3. «Еуропа үшін қоршаған орта» министрлердің VII-ші Жалпыеуропалық конференциясының мәліметтері. Астана, Қазақстан Республикасы, қыркүйек 2011.
4. Қазақстан Республикасының 2009 жылға арналған биологиялық әртүрлілік туралы төртінші ұлттық баяндамасы//ҚР ҚОҚМ «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» РМҚ. Астана, Қазақстан Республикасы, 2010.
5. «Биологиялық әртүрлілікті сақтау және балансты пайдалану бойынша Ұлттық Стратегия және Іс-әрекеттер жоспары». Көкшетау, Қазақстан Республикасы, 1999.
6. Биоәртүрлілік туралы XI-ші Тараптар Конференциясының декларациясы. Хайдарабад, Үндістан, 2012.
7. Келесі жобалар бойынша семинар мәліметтері: 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Биологиялық әртүрлілік туралы Конвенциясының Стратегиялық жоспарын орындауға қолдау көрсету үшін ұлттық деңгейе биологиялық әртүрлілікті сақтауды жоспарлау. Биологиялық әртүрлілік Ұлттық стратегиясы мен мәліметтер қоры бойынша БҰҰДБ жобасы. Алматы, Қазақстан Республикасы, желтоқсан 2012.

УДК 747.012

МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ДАМУЫНА ТАРИХИ ШОЛУ

Адалбек Нураим

Nurai_adalbek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн» кафедрасының магистранты
Ғылыми жетекшісі – Еспенбетов Б.Ж.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы қазақ баспасөзінің сипатына тарихи тұрғыдан тоқталып өтетін болсақ, бұл кезең қазақ баспасөзінің енді-енді ғана дүниеге келіп, халықтың арасына тарай бастаған кезеңі, әрі халықтың тар жолды тайғақ кешкен кезеңі еді. Осындай аласапыран кезеңде халық тағдыры мен қоғам өмірінің шындығын бүкпесіз батыл жариялаған қазақ баспасөзінің қызметі орасан зор болды [1].

Жалпы алғанда баспасөз – халықтың рухани ой – пікірін қалыптастыруға, қоғамның әлеуметтік көзқарасын нығайтуға, мәдени – әдеби дүниетанымын кеңейтуге бағытталған құрал.

Газет ақпарат таратушы, үгіт - насихат жүргізуші. Бұл жайлы А. Байтұрсынов: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды» [2] – деп, газеттің әлеуметтік-қоғамдық өмірдегі алатын орнын, қызметін нақты көрсеткен еді.

Тамырын тереңнен тартқан тарихымен қоса мәдениеті өркендеген қазақ халқы басынан өткерген ұлы оқиғалар мен әлеуметтік жолдарын ауыз әдебиеті, эпостық жырлар, тарихи аңыз әңгімелер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізді. Алғашқы газет-журналдар да

шыға бастаған еді [3].

Отарлау саясатының жүгенсіздігі үкіметтің барлық шет аймақтары сияқты Қазақстанда да тек өз жеке бастарының қамы үшін, қажеттілікті халықтың хал жағдайымен есептескендігінен-ақ көріп отырды. Олар өз мақсаттарына жету үшін «Мамандарылған» шаруашылық саясатында жүргізді. Мұның өзі Қазақстандағы индустрияландырудың, өнеркәсіпті дамытудың, ауыл шаруашылығы жүйесінің қолданбалы түрлерін дамытудың орнына, өлкені пайдалы қазбалар мен мал шаруашылығы өнімінің қоймаларына айналдыруға әкеп соқтырды. Осының барлығы жергілікті халықтың өміріне, әдеп-ғұрпына үлкен әсер етті. Оларға күштеу арқылы Еуропалық дүниетанымның белгілерін енгізе бастады. Отаршылдар қазақ мәдениеті Еуропалықтар мен орыстардың мәдениетімен салыстырғанда «Екінші сортта» деп көрсетті [4].

Бұл қазақ халқының көптеген ғасыр бойы қалыптасқан тарихи мәдениетін мойындамау еді. Көшпелі халықтың мәдениетін, ауыз әдебиетін ысырып тастап, орыстар өздерін «аға халықпыз» деп иландыруға көшті. Отарлау саясатының кесірінен қазақ халқының ұлттық құндылықтары ұмыт бола бастады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ елін, жерін патшалы Ресейдің толықтай жаулап алуына байланысты Қазақстанның Ташкент, Орынбор, Омбы, Орал, Астрахан сияқты кейбір ірі қалаларында патша үкіметінің жергілікті әкімшілік орындарының жеке ресми органдары ретінде жергілікті ұлт тіліндегі алғашқы газеттер шыға бастады. Әрине, бұл басылымдар қайткен күнде де қазақ халқының қамын ойлап, оның әлеуметтік шаруашылық және мәдени – ағарту тілектерін ескергендіктен шығарылған жоқ, қайта патша үкіметінің отарлау саясатын күшейте түсу, оның бұйрық-жарлықтары жергілікті халықтық санасын оятып, мол рухани байлыққа ие болуларына елеулі түрде әсер етті. Оны мынадай мысалдардан айқын байқауға болады. Мәселен, қазақ баспасөзінің тұңғышы «Түркістан уалаятының газеті» екендігі белгілі, ол сол кездегі Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы Ташкент қаласында 1870 жылдың 28 сәуірінен бастап, орыс тілінде шығатын «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде айына төрт рет (екі саны өзбекше, екі саны қазақша) шығарыла бастады [5, б.6], - деп жазылды «Әлем баспасөзі тарихынан» атты кітапта. Демек, қазақ баспасөзі орыс тілді газетіне қосымша ретінде екі беттен бастау алғаны сөзсіз.

XX ғасырдың басында қазақ халқы жігерленіп, ой-өрісі кеңейіп, жылдар бойы тұмшаланып келген ұлттық сананың оянуы баспасөздің қарқынды дамуына түрткі болды.

1905 жылдан бастап Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Райымжан Мәрсеқұлы және өзге де көзі ашық, көкрегі ояу, оқыған азаматтарымыз жалпыхалықтық газет ашуды өкөлға алды.

Тарихи деректерге сүйенсек, 1905 жылы 9 желтоқсанда Ахмет Байтұрсыновтың алған ресми рұқсатнамасымен «Қазақ» деген атаумен алғашқы қазақ газеті басылып шыққан. Ел арасында газет кең таралып, ол тіпті тозып жыртылғанша оқылатын болған. Ол кезде газет бастырушысы-«Азамат» серіктігі Хусаинов-Каримов баспаханасында басылып тұрған.

Газетте 20 ғасырдың басындағы қазақ жұртының саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, шаруашылық жағдайын, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған Ә.Бөкейхановтың, Ш.Құдайбердиевтің, М.Жұмабаев пен С.Дөнентаев, Б.Майлин, С.Торайғыров, Ғ.Қарашев, А.Мәметов, Б.Серікбаев, Р.Малабаев, Қ.Қоңыратбаев сынды әдебиетіміздің дамуына үлесін қосқан ардақты ағаларымыздың ғылыми шығармалары, әңгіме, өлеңдері басылып, аудармалар туралы сын мақалалармен қатар Л.Толстойдан, А.Чеховтан, М.Лермонтовтан, В.Короленкодан, Ш.Крыловтан алғашқы аудармалар жарық көрген [6,б.145].

«Қазақ» газеті алғаш шығарылған күнінен бастап бірнеше жыл жалғыз қызмет етті. Соңынан «Дала уалаяты газеті», «Серке», «Қазақ газеті», «Айқап» және тағы басқа газеттер пайда бола бастады.

Өткенін қастерлеп, бүгінгі ұрпақтың керегіне жарата білу – келешегі бар өркениетті елдердің ғана үлесіне тиетін жәйт. Біз кейінгі жылдарға дейін өткенімізге тереңдеп бара алмай келдік. Қазақ елі үшін ояну дәуірі енді ғана басталды. Төл тарихымызды танып, түсінуге себін тигізетін түпнұсқа еңбектердің ішінде «Дала уалаятының газетінің» орны ерекше [7, б.5], - деп «Дала уалаяты газеті» / «Киргизская степная газета» газеті пікір білдірді (1-сурет).



(1-сурет)

“Дала уалаятының газеті “ басқа жергілікті газеттерге қарағанда қазақ бұқарасының тұрмысын, оның шаруашылық жағдайларын, мәдени тіршілігін толығырақ көрсетіп отырған газет болды.

Газет бетінде қазақ тілінде бұрын болмаған қоғамдық - публицистикалық, ресми іс қағаздарын жүргізу жөніндегі мақалалар жарияланды, ғылыми стильдің негізі қаланды, аударма тәжірибесінің алғашқы қадамы жасалынды, араб графикасына негізделген қазақ жазбасында тұңғыш рет тыныс белгілері қолданылды. Ұлттық баспасөзіміздің қарлығаштарының бірі – «Дала уалаяты газетінің» дүниеге келуі қазақ халқының өткен ғасырдағы мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. «Дала уалаятының газетінде» басылған шығармаларда қазақ халқының әр кезеңдеріндегі өмірі , тұрмыс-тіршілігі, күрделі жағдайлар мен оқиғалар толық, тұтас қамтылмағанымен, тарихымызда болған ұлы өзгерістер, халық өмірінің жеке-жеке суреттері алғаш рет осы газет бетінде жарияланып, ұлттық әдебиетпен мәдениеттің негізін қалауға көмектесті.

Ал, Ресейде 1703 жылы қаңтар айында алғашқы газет пайда болды. Ол газет тікелей Петр I ықпалымен басылып шықты. Ең қызықтысы алғашқы газеттің қателігін Петр I өзі тексерген екен (2-сурет).



(2-сурет)

Негізінен ең алғашқы газет біздің эрамыздың VIII ғасырында Қытайда пайда болған. Ол «Столичный вестник» деп аталып, онда императордың жарлығы және маңызды мәселелер жарияланады. Бұл газеттің шығарылуының өзі көп машақат еді: арнайы тақтада иероглифтер ойлып жазылды, оны тушыпен бояп, қағазға таңба ретінде басып шығарды (3-сурет).



(3-сурет)

Ал, XVI ғасырда Венецияда ақпараттары қолмен жазылған парактар таратыла бастады. Оның құны «gazetta» деп аталатын бір монета тұратын. Осыдан барып газет атауы шыққан екен (4-сурет).



(4-сурет)

Венециядағы «авизи» немесе «газете» деп аталған парақтары Италия мен Еуропадағы соғыстар мен саяси өмір туралы хабар беруші ақпарат көзі болды. Шамамен 1566 жылдан бастап ақпарат көздері апта сайын шығарылып, кейбірі тіпті Лондонға дейін жеткен. Ал, XVII ғасырдың басынан бастап баспа газеттері Еуропаның барлық аймақтарына тарайтын болды.

Ал, Еуропада баспасөз деп XVI ғасырда алғашқы газет ретінде шағын тақтайшаларға, парақ қағаздарға жазылып, Рим тұрғындарының көп жиналатын жерлеріне қабырғаға ілінген ақпаратты айтар едік (5-сурет).



(5-сурет)

Алғашқы газеттің дамуына Юлий Цезарь көп үлес қосты. Ол отырыстардың есебін, басқа елдер басшыларының жолдауларын, сонымен қатар шайқас алаңынан келген хабарларды жазғызып, барша халыққа таралуын қамтамасыз етті (6-сурет).



(6-сурет. Алғашқы газет үлгісі)

Осы заманғы газеттер – Еуропада ойлап шығарылған. Алғашқы газеттердің легі қолмен жазылған жаңалықтар парақтарға түсіріліп, XVI ғасырда Венецияда кеңінен тарағанын айтып өттік. Венеция сияқты Еуропаның ірі қалалары әлемдік сауда орталықтарының бірі болғандықтан, олар саяси әрі экономикалық маңызды ақпараттарды таратудың орталығына айналды. Кейін апта сайын шығарылатын баспасөздер Базельде (1610 жылы), Франкфурт пен Венада (1615 жылы), Гамбургте (1616 жылы), Берлинде (1617 жылы) және Амстердамда (1618 жылы) пайда бола бастады. Ал, Англияны алатын болсақ, онда алғашқы газет 1621 жылы дүниеге келді. 1631 жылдан бастап Франция да өз газетін шығара бастады. Италия – 1639 жылдан, Испания – 1641 жылдан бастап өздерінің ақпарат құралы баспасөздерін дүниеге әкелді.

Бұл уақыттарда мұсылмандық Шығыс бұқаралық ақпарат құралдары дегенді білмейтін еді. Ал Еуропа құрлығында алғашқы газет пайда болғаннан кейін жиырма - отыз жыл ішінде бұқаралық ақпарат құралдары еуропалық саяси дамуға, демократиялық нығаюға, сауаттылықтың таралуына және қоғамдық ақпараттық кеңістіктің артуына бірден - бір себепші күшке айналды. Мұсылмандар еуропалықтар жасаған ақпараттық өркениет саласына біраз кешігіңкіреп енді. Газет-журнал, радио, теледидар ислам мемлекеттерінде батыс әлеміне карағанда баяу дамыды. Бұл көптеген ислам елдерінің экономикалық тұрғыда артта қалуларына әкеп соқты [8,6.5].

Қоғамның өміріне тікелей қатысты бұқаралық ақпарат құралдарының рөлінің маңызы зор. Сондықтан, бұқаралық ақпарат құралын төртінші билік деп те аталуы да осыдан. Бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі қоғам мен мемлекеттегі жоғарғы құндылықтардың бірі болып есептеледі. Себебі, бұқаралық сөз еркіндігісіз азаматтық қоғамды елестету мүмкін қиын. Бұқаралық ақпарат құралдарының максаты - елде және шетелде болып жатқан оқиғалар жайлы қоғамға шынайы және жылдам ақпарат жеткізу. Қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарының болуы - әрбір демократиялық мемлекеттің қажетті элементі. Біріншіден, бұқаралық ақпарат құралдарының бұқара халық пен үкіметтің байланысын ұйымдастыра алады. Екіншіден, басылым қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерді жылдам паш ете алады. Үшіншіден, әлеуметтік өзгерістер жөніндегі тәжірибелі түсінік бере алады және де бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдағы өзгерістерге нақты көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Төртінші билік - бұқаралық ақпарат билігінің құзыреті күшті, сонымен қатар баспасөз қоғамдық пікір туғызып, қалыптастыра

алатын ықпалы бар, халық пен билік арасындағы байланысты жалғай алатын құрал болып табылады.

Баспасөздің көптеген қырлары бар, солардың бірі басылымның жанрлары. Мерзімді баспасөздерде жарияланатын публицистикалық шығармалардың көптеген түрлерін атап өтуге болады. Мәтіннің мазмұнына, жазылу стиліне, берілген дерек көздеріне, саласына қарай жанр түріне бөлеміз. Баспасөздің негізгі үш жанрын бөліп көрсетуге болады: ақпаратты (хабар, [сұхбат](#), [репортаж](#)), талдамалы (мақала, [рецензия](#), [шолу](#)) және көркем-публицистикалық ([суреттеме](#), [эссе](#), [очерк](#), [публицистика](#)) жанрлары. Баспасөз жанрының басты міндеті - өмірдегі болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарды бейнелеу арқылы белгілі бір кезеңнің тарихи шежіресін жасау. Білімді, ойы терең, қабілетті, қаламы ұтқыр, оның жазылу қыр - сырын жетік меңгерген журналист қана баспасөз жанрларының мәнін ұғына біледі. Себебі, мерзімді баспасөз болған оқиғаны әсерлі, тартымды, ұғынықты етіп суреттеу арқылы шиеленістіріп, жеткізе алады.

Сондықтан қоғамды тәрбиелеуде де, саясатта да, әлеуметтік өмірде де ақпарат көздерінің маңыздылығын тағы бір мәрте дәлелдеп отырмыз.

Бүгінгі күнде дүниежүзлік жаһандану сатысында, адамзат ойының тез дамуының арқасында инновациялық жаңалыққа күннен-күнге сұраныс артып барады. Әсіресе, ақпарат көздерінің атқарар рөлі зор. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралының еліміздің рухани дамуына ықпал етуі сөзсіз. Осыған орай бұқаралық ақпарат құралы дизайнының дамуына аса мән беру қажет.

Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарының даму үрдісі мен ақпараттық кеңістіктің жаһандануы әлемнің барлық елдерін қамтып, экономикалық және саяси қарым-қатынастың жедел өсуіне әсер етуде. Баспасөз, радио және телевизия, мультимедия, компьютерлік желілер мемлекет пен континентті жақындастырып, миллиондаған халықтың үйіне енді. Ақпараттық ағым қоғамдық басқару үрдісінің тетігіне айналып, оған билік басындағылар, саяси билікке таласушы топ та жүгінеді. Онымен қоса бизнес заңы бойынша өнеркәсіпте, өңдеу саласында, саудада ақпарат тарату нормалары мен ережелері күшеюде. Газет немесе журнал шығару, телевидение мен радионы иемдену тікелей табыс әкеле қоймайды, бірақ оның өзіндік пайдасы бар, жақсы имидж бола алатын қоғамдық пікір қалыптастыруға, бұқараны тәрбиелеуге көмектеседі. Бұқаралық ақпарат құралдарының, коммуникациялық үдерістің қарқыны дамыған сайын адамның өзіне, жеке өміріне, әлеуметтік өзгеріске қатты ықпал етеді [9].

Бұқаралық ақпарат құралының қалыптасуы мен дамуы, әр елдегі демократияландыру мен мемлекеттік жүйенің өзгеру кезеңімен қатар жүреді. Баспасөздің дамуы, қоғамдағы әлеуметінің және экономиканың, техниканың, ғылымның дамуымен тығыз байланысты. Баспасөз, радио және теледидардың коммерциялануы, жаңа ғылыми - техникалық табыстардың барлық жерде енгізілуі, Батыс, Шығыс және Орталық Еуропа, Америка, Азия елдерінің баспасөз алдында күрделі мәселелер қойды. Дамыған мемлекеттерде баспасөзді модернизациялау үдерісі түрлі деңгейде дамып, бұқаралық ақпарат құралдары дамуына және елдердің идеологиялық бағытына ықпал етуде.

Бірқатар ғылыми еңбектерді зерделеп және тарихи шолу жасай келе айтарымыз – бұқаралық ақпарат құралының негізгі қызмет ету қағидаларына мыналар жатады:

- бұқаралық ақпарат құралдарының еліміздің экономикалық, әлеуметтік және рухани дамуына ықпалы мен маңызын көрсету;

- бұқаралық ақпарат құралдары дизайнының тарихы мен даму кезеңдеріне шолу жасау арқылы бұрыңғы шетелдік тәжірибелер мен еңбектерінің ұтымды жағын қолданысқа енгізу;

- отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарына салыстырмалы сараптама жасай келе, бүгінгі таңда сұранысқа ие болатындай етіп бұқаралық ақпарат құралдарын безендіру;

- бұқаралық ақпарат құралдары дизайнының даму ерекшеліктерін анықтау және дизайн жобасымен іске асырудың жолдарын қарастыру және тәжірибелік - эксперимент жүзінде тексеріп, нәтижелерін саралау, дизайнерлік ұсыныстар жасау;

- бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылған түстердің және түс үйлесімділігінің психикалық және физиология тұрғысынан әсер етуін зерделеп, теориялық және тәжірибелік әдістеме құралдарын құрылымдау.

Әлемдегі сан түрлі оқиғалар мен жаңалықтарға жылдам қол жеткізіп, әлеуметтік проблемаларға қорытынды жасап, олардың шешілуіне ықпал ету мүмкіндігін туғызуға бұқаралық ақпарат құралдарының көмегі зор, сонымен қатар журналисттік ақпаратты тауар ретінде қарастырып көруге болады. Сондықтан, оның қоғамға берер эстетикалық, рухани байлығын да зерделеу қажет.

Осы жоғарыда қарастырылған мәліметтердің болашақ дизайнерлерге берері мол. Бұқаралық ақпарат құралдарының дизайны бойынша қызмет атқарғанда осы мәліметтердің арқасында әлемдік деңгейдегі ғалымдар, дизайнерлер мен мамандардың еңбектерімен таныса келе, тың ой туындап, жаңа көзқарас қалыптасары сөзсіз.

Қолданылған әдебиет

3. Нұрбекова Р.Қ. Жалпы тарих және халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушы, автореферат, Астана, 2013 жыл, 27 бет.
4. «Қазақ» баспасы, 1898 жыл, №10
5. Ғаламтор желісінен
6. Омарова Б.Ә. «Алаш баспасөзінің ұлттық сананы оятудағы қызметі», мақала, 2014 жыл.
7. Қозыбаев С. Әлем баспасөзі тарихынан. / С. Қозыбаев, А. Рамазанова, Қ. Аллаберген. –Алматы: Санат, 1998. – 300 б.
8. Бекхожин Х Қазақ баспасөзінің тарихының очеркі / Х.Бекхожин. – Алматы: Ғылым, 1981. – 191бет.
9. Дала уалаятының газеті / Киргизская степная газета. / Құраст. Субханбердина. – Алматы: Ғылым, 1994. – 816 бет.
10. Шындалиева Мендігүл, «Шетел журналистикасы», Оқулық, - Астана, -2013. - 263 б.
11. Тасболатов Е. Алғашқы мұсылмандық басылымдар, Мақала, 2014 жыл.

УДК 747.012.2

ЗАМАНАУИ ИНТЕРЬЕР ДИЗАЙНЫ СТИЛЬДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ҮРДІСІ

Айдарова Бағила

aidarova.baqila@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн» кафедрасының магистранты

Ғылыми жетекші – п.ғ.к., доцент Б.Ж.Еспенбетов

Интерьер дизайнындағы «заманауи стиль» дегеніміз – тұрғын кеңістікте түзу сызықтар мен қарапайым пішіндердің және аксессуарлар мен декорлардың аз көлемде болуы, адамға мейлінше жайлы орта түзуді көздейтін көркем бағыт. «Заманауи» сөзінің мағынасы – «бүгінгі», «қазіргі кезең» дегенді білдіреді. Алайда кеңінен алып қарастыратын болсақ, заманауи стиль – ең алдымен дәстүрлі стильдің тікелей қарама-қайшылығы болып табылады. Заманауи интерьерде кеңістікте заттар аз және қарапайым. Мысалы, томпақ бедерлердің орнына біркелкі беттер, ою-өрнектің орнына бейтарап суреттерімен әрленген маталар, сөреге қойылған ұсақ-түйек немесе сурет галереясының орнына аз көлемдегі аксессуарлар қолданылады. Егер, заманауи стильде классикалық интерьердің жылы жайлылығы болмаса, ол мүлдем жағымсыз әсер қалдырмайды және тұрмысқа жайсыз деп айта алмаймыз.